

Құрметті білім алушылар!

Естеріңізге саламыз, «Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-ға ауыстыру және қайта қабылдау Ережелеріне» сәйкес, **келесі курсқа көшіру (GPA) ауыстыру баллы есепке алынып, емтихандық сессиялардың және жазғы семестрдің нәтижелері бойынша 2017ж. 1 қыркүйегіне дейін жүзеге асырылады.**

Көшіру (GPA) мәні ағымдағы оқу жылының қорытындысы бойынша анықталады.

Университеттің ректорының 27.04.2017ж. №361-с бұйрығына сәйкес, 2016-17 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушыларды келесі курсқа көшіру үшін университетте GPA көрсеткішінің төмендегі мәндері белгіленген:

1. Орта білім негізінде күндізгі оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде:

- екінші курсқа көшіру үшін – 1,6;
- үшінші курсқа көшіру үшін – 1,85;
- төртінші курсқа көшіру үшін – 2,15;
- бесінші курсқа көшіру үшін – 2,15.

2. Орта білім негізінде сырттай оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде:

- төртінші курсқа көшіру үшін – 1,7;
- бесінші курсқа көшіру үшін – 2,0.

3. Орта кәсіптік білім (колледж) негізінде күндізгі оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде: (күндізгі оқу түрі)

- екінші курсқа көшіру үшін – 1,5;
- үшінші курсқа көшіру үшін – 1,7.

4. Орта кәсіптік білім (колледж) негізінде сырттай оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде: (сырттай оқу түрі)

- екінші курсқа көшіру үшін – 1,4;
- үшінші курсқа көшіру үшін – 1,6.

5. Жоғары білім негізінде сырттай оқу түрі бакалавриатының білім алушыларын екінші курсқа көшіру үшін – 1,4.

6. Магистратурада білім алушыларын екінші курсқа көшіру үшін - 2,5.

Келесі курсқа көшіру шарттарын орындамаған білім алушылар (яғни GPA көшіру мәніне жетпегендер), ақылы негізде қайта оқу жылына қалады.

Қайта оқу жылына қалғандар және ағымдағы оқу жылының 25 тамызына дейін «қайта оқу жылына білім беру қызметін көрсету Шартын» жасамаған білім алушылар академиялық үлгірмеушілігі үшін оқудан шығарылады.

Академиялық берешектерді жою, сонымен бірге білім алушылар жазғы семестр аралығында GPA мәнін көтеру мақсатымен жеке пәндерді қайта оқи алады. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың 2016-17 оқу жылының Академиялық күнтізбесіне сәйкес:

- жазғы семестрдің мерзімі – 29 мамырдан бастап 8 шілдеге дейін.

Жазғы семестрде оқуға тіркелу 29 мамырдан бастап 24 маусымға дейін (тіркеуші офісіне, Г1-235 аудитория, колонды залы)

***Тіркеуші офісі
Мамыр 2017ж.***